

5 Абасилов А. Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолінгвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары: Фил. ғыл. канд. дисс. / А. Абасилов – Алматы, 1998. – 132 б.

FTAХР 16.01

*А.Е. Махмұд<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ТҮРІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Аңдатпа.** Қазіргі таңда қазақ орфографиясында сөздердің бірге, бөлек жазылу мәселесі күн тәртібінен түспей келе жатқаны секілді, түркі тілдерінде де емле ережелерінің өзекті тақырыбы екендігі айдан анық. Мақаламызда да қазақ тілінің және түркі тілдерінің ішіндегі түрік тілінің емле ережелеріндегі сөздердің бірге не бөлек жазылу мәселесі сөз болады. Әуелі түрік тіліндегі біріккен сөздер емлесіне тоқталып, олардың қандай жағдайларда бірге жазылуы тиіс деген сауалға жауап іздеуге тырыстық. Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі бірге жазылатын сөздер емлесімен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға тырыстық. Сондай-ақ, бөлек жазылатын сөздер емлесін де сөз етіп, олардың да ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне тоқталдық. Яғни тілдерге тән ерекшеліктерді айта отырып, бірге жазылатын сөздер емлесінің кейбір шешімін таба алмай келе жатқан мәселелеріне жауап іздеу мақсатын да алға қойдық.

**Кілт сөздер:** емле, орфография, орфограмма, біріккен сөз, формалды белгі, денотаттық мағына.

\*\*\*

**Аннотация.** Сегодня правила правописания слитных и раздельных слов в казахской орфографии, как и в орфографии турецкого языка является как никогда актуальной. В данной статье рассматривается тема слитного и раздельного написания слов в казахском и в тюркском языках, а в частности - в турецком языке. Рассматривая правила объединения слов в турецком языке, авторы попытались найти ответ на вопрос: в каких случаях они пишутся вместе. В заключении авторы статьи представили свое видение сходств и различий правописания в казахском и турецком языках, также попытались разъяснить сходство и различие правописания раздельных слов. Таким образом, отмечая характерные особенности данных языков, авторы поставили себе цель

найти ответ на правописания тех слитных слов, которые все еще не нашли свое решение.

**Ключевые слова:** правописание, орфография, орфограмма, слитные слова, формальный знак, денотатное значение.

\*\*\*

**Abstract.** Nowadays in kazakh orthography the issue of writing merged and separated words, such as in Turkish language have been on agenda for a long time. This article considers with writing rule of merged and separated words in kazakh language like in turkic language, especially in turkish language. Firstly, we want to describe the writing rules of merged words in turkish language, then to find out in what cases they should be written together. In conclusion, comparing with Kazakh language, we'd like to find out the similarities and differences in Kazakh writing rules of merged words. Similarly with separated words, we tried to reveal their similarities and differences. By this, defining the features of languages, we aimed to find an answer to those merged words, which still do not find their solutions.

**Key words:** writing, orthography, orthogram, merged words, formal mark, denotative meaning.

Түрік тілі емле ережесінің де өзекті мәселелеріне де сөздердің бірге және бөлек жазылу ережелері жатады деп айта аламыз. Өйткені Қ.Күдерінова «Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы» атты еңбегінде жалпы сөздерді бірге не бөлек жазу мәселесі қазақ тілі болмасын, түрік тілі болмасын түркі тілдеріне ортақ бір көкейкесті мәселе екендігін сөз етеді. Автордың өз сөзімен жазар болсақ: «Түркі тілдерінің орфографиясында әлі күнге дейін шешілмеген ең өзекті мәселе – ол сөздердің бірге, бөлек және дефиспен жазылуы болып табылады. Оның себебі, бірге, бөлек жазу – дыбысталған сөзді әріп тізбегіне кодтайтын жоғарыдағы емледен мүлдем басқа, лексикалық бүтінге ұғымдық бүтіндік немесе ұғымдық бөлшек сәйкеспейтін тіл тұтынушы санасымен байланысты айрықша жазу тәртібі. Сонымен қоса, бірге, бөлек жазу - лексикадағы, оның арғы жағында семантикадағы семалық процестерді мағыналық жылжу, ауысу, кеңею, тарылуды, лексикалық валенттілікті көрсететін, мазмұн межеде болатын өте баяу процестерді бейнелейтін тұрпат меже» [1].

Осылайша сөздерді бірге, бөлек жазу мәселесінің не себепті өзектілігін әрқашан жоғалтпайтындығын түсіндіріп өтеді. Енді біз де 2012 жылы Анкара қаласында басылып шыққан «Yaun kılavuzu» деп аталатын түрік тілі орфографиялық сөздігінің 27-басылымын басшылыққа ала отырып, қос тіл арасындағы, атап айтқанда, қазақ тіліндегі бірге не бөлек жазылатын сөздер мен түрік тіліндегі бірге, бөлек жазылатын сөздердің, емле ережелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сөз етуді қолға

алдық. Тілдер арасындағы осындай салыстырмаларды жасау мақсатымыз – керек жерін өзімізге түйіп, біріккен сөз орфограммасындағы шешімін таппай келе жатқан мәселелерге жауап іздеу де болып табылады. Тілдер туыстастығын негіз етіп, туыс халықтар қатынасын да бірегейлендірсек, нұр үстіне нұр болады деген сенім де бар. Енді түрік тілі орфографиялық сөздігінің соңғы басылымына сүйене отырып, алдымен сөздердің қандай жағдайларда біріктіріліп жазылатынына тоқталайық.

1) дыбыстық өзгеріске ұшырап барып бірігіп жазылатын сөздер. Біздегі кіріккен сөздер бұған мысал бола алады. Мысалы, *kaynana* – *kaun ana*, *Pazartesi* – *Pazar ertesi*, *nasıl* – *ne asıl* т.б.

2) араб тілінен енген сөздерге түрік тілінің *etmek*, *edilmek*, *eylemek*, *olunmak*, *olmak* секілді көмекші етістіктердің жалғануы арқылы дыбыстық өзгерістерге ұшырауынан пайда болған біріккен сөздер қосылып жазылады. *emretmek*, *affetmek*, *kaubolmak*, *menolunmak* т.б.

3) сыңарларының екінші компоненті немесе екі компоненті де бірігу барысында тура мағынасынан ауытқып, ауыспалы мағынада тұрса, сөздер бірге жазылады. Олардың өзі ішінара түрлі топтамаларға бөлінеді:

Өсімдік атаулары: *aslanağzi*, *kuşburnu*, *ayşekadın*, *altınbaş* т.б.

Жан-жануар атаулары: *danaburnu*, *akbaş*, *beşparmak*, *kamışkulak* т.б.

Ауру атаулары: *itdirseği*, *delibaş*, *karabaş*, *karabacak* т.б.

Тұрмыстық атаулар: *horozayağı* (*burgu*), *kedigözü* (*lamba*), *kancabaş* (*kaunik*)

Форма, пішін, сипат ұқсастықтарына арналған өзге де атаулар: *turnageçidi* (*firtına*), *beşikörtüsü* (*çatı biçimi*), *ayıbacağı* (*yelken biçimi*) т.б.

Тағам атаулары: *kadınbudu*, *kedidili*, *bülbülyuvası*, *alinazik* т.б.

Ойын атаулары: *beştaş*, *dokuztaş*, *üçtaş* т.б.

Астрономиялық атаулар: *altıkardeş*, *samanayolu*, *demirkazık* т.б.

Түр-түс атаулары: *vişneçürüğü*, *kavuniçi*, *fildişi*, *balkörpüğü* т.б.

4) *-a*, *-e*, *-ı*, *-i*, *-u*, *-ü* қосымшаларымен бірге келген кейбір *bilmek*, *vermek*, *kalmak*, *durmak*, *gelmek* секілді етістіктер біріктіріліп жазылады: *düşünebilmek*, *sevebilmek*, *çıkagelmek* т.б.

5) бір не екі сыңары да бұйрық мәнді болып қалыптасқан кей сөздер бірге жазылады: *albeni*, *gelberi*, *veryansın*, *incitmebeni* т.б.

6) *-an*, *-en*, *-r*, *-ar*, *-er*, *-ır*, *-ir*, *-maz*, *-mez*, *-miş*, *-miş* қосымшаларының жалғануы арқылы қалыптасып кеткен кей сөздер бірге жазылады: *sankurtaran*, *karıncaezmez*, *yelkesen*, *kuşkonmaz* т.б.

7) екінші сыңары өткен шақтың *-dı* (*-di*, *-du*, *-dü*, *-tı*, *-ti*, *-tu*, *-tü*) жұрнақтары жалғануы арқылы қалыптасып кеткен бірге жазылатын сөздер: *gündöndü*, *imambayıldı*, *karyağdı* т.б.

8) екі сыңары да өткен шақтың *-dı* (*-di*, *-du*, *-dü*, *-tı*, *-ti*, *-tu*, *-tü*) жұрнақтары және осы шақтың *-r*, *-ar*, *-er* жұрнақтары арқылы жасалынатын қалыптасқан біріккен сөздер қосылып жазылады: *dedikodu*, *konargöçer* т.б.

9) жеке тұрып дербес мағынасы жоқ *alt, üst, üzeri* көмекші сөздерінің қатысуымен жасалынған кей сөздер біріктіріліп жазылады: *gözaltı, akşamüzeri*

10) екі немесе одан да көп сөздердің бірігуі арқылы жасалған кісі аттары мен лақап аттар да ауыспалы мағынада тұрған жағдайда біріктіріліп жазылады: *Varol, Atatürk, yirmisekiz Çelebi Mehmet* т.б.

11) жер-су атаулары, топонимикалық атаулар да бірге жазылады: *Çanakkale, Gümüşhane, Acıgöl, Akşehir* т.б.

12) кісі аттары мен мәртебелерімен аталатын көше, аудан атаулары да біріктіріліп жазылады: *Gazi Osmanpaşa (mahalle), Mustafabey (cadde)* т.б.

13) бағытты білдіретін географиялық термин атаулары бірге жазылады: *güneybatı, küzeydoğu, güneydoğu* т.б.

14) сыңарлары өз мағынасынан ауытқымаған халде біріктіріліп жазылатын сөздер де кездеседі. Аталмыш сөздер қазақ тіліндегі формалды белгісі бар біріккен сөздерге ұқсас боп келеді. Яғни, қайталанып отыратын кейбір сөздер кездескен жағдайда олар тура мағынада тұрса да, біріктіріліп жазылады. Олар да төмендегіше жіктеледі:

Бағ сөзімен келетін сындық мағынаны білдіретін сөздер бірге жазылады: *başbakan, başrol, başsavcı, başbayan* т.б.

Белгілі бір қауымның көшбасшысы мәнінде тұратын *başı* сөзі кездесе де олар біріктіріліп жазылады: *binbaşı, ustabaşı, aşçıbaşı* т.б.

*Ağa, baba, bey, efendi, hanım, nine* сөздерімен келетін бірге жазылатын сөздер де бар: *ağabey, hanımefendi, efendibaba* т.б.

Белгісіздік есімдіктері де жалпыланған күйде бірге жазылады: *biraz, birçok, birkaç, herhangi, hiçbir, birtakım* т.б.

15) *Ev* сөзімен жасалынатын біріккен сөздер: *polisevi, huzurevi, doğumevi, kahveevi* т.б.

16) *hane, name, zade* сөздерімен келетін сөздер біріктіріліп жазылады. Бұл сөздер қазақ тіліндегі аффиксoid құрастыруыштар болып табылатын формалды белгісі бар біріккен сөздерге ұқсас болып келеді. Мысалы: *çayhane, kanunname, amcazade* т.б.

17) *-zede* қосымшасымен қалыптасқан күрделі сөздер бірге жазылады: *zelzede, depremzede* т.б.

18) парсы тілінен енген сөздердің кейбірі парсы емлесіне сай сол күйінше бірге жазылатын сөздердің құрамына жатады: *darıdünya, ehlibeyit* т.б.

19) араб тілінен енген кейбір біріккен кірме сөздер де сол күйінше араб емлесіне сай жазылады: *inşallah, şeyhülislam* т.б.

20) музыка саласына қатысты кейбір термин сөздер біріктіріліп жазылады: *acembuselik, mühayyerkürdü* т.б.

21) заң саласына қатысты кейбір термин сөздер біріктіріліп жазылады: ішішери, дiшiшери, ачiкiгiретiм факiлtesi т.б.

22) түр-түс атауларымен жасалынған өсімдік, жан-жануарлар және ауру атаулары бірге жазылады: akaғaғ, karadut, alabalık, bozaу, sarıçiçek т.б. [2].

Жоғарыда келтірілген тараушалар түрік тілі емле ережесіне қатысты сөздерді біріктіріп жазудың түрлері еді. Олардың әрқайсысына мысал келтіре отырып, ашықтап, кейбір қазақ тіліне сай келетін тұстары немесе қайшы келетін тұстарын да салыстыра отырып айта кеттік. Енді қысқаша қорытындылай келе түрік тілі емле ережесі мен қазақ тілі емле ережесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын төмендегі кестелер арқылы сөз етсек.

*Кесте 1.*

Түрік емлесіндегі сөздерді бірге жазудың белгілері және қазақ тілімен ұқсастықтары

| № | Түрік тілі емлесі бойынша   | Қазақ тілі емлесі бойынша  |
|---|---|--|
| 1 | Кіріккен сөздер: kaunana – kaun ana, Pazartesi – Pazar ertesi   | Кіріккен сөздер: бүгін, биыл, жаздығүні  |
| 2 | Сыңарларының бірі не екісі де ауыспалы мағынаға ауысқан сөздер:<br>Өсімдік а.: aslanağzı<br>Жануар а.: danaburnu<br>Ойын а.: beştaş<br>Астрономиялық а.: demirkazık | Ғылым мен техниканың түрлі салаларында терминдік мәнге ие болған сөздер:<br>Биология ғыл.: алабота, қарақұрт<br>Ұлттық ойын а.: бестас<br>Астрономиялық а.: темірқазық |
| 3 | Кісі аттары: Varol  | Кісі аттары: Ақмарал   |
| 4 | Жер-су аттары: Akşehir  | Жер-су аттары: Ақтөбе  |
| 5 | Белгісіздік есімдіктері: biraz, hiçbir, herhangi  | Белгісіздік-болымсыздық есімдіктері: ешкім, әрқашан  |
| 6 | hane, name, zade<br>аффиксoidтарымен келетін сөздер: dersname, seyahatname  | Аффиксoid құрастыруыштар: Абайтану, балажанды, жылыжай   |
| 7 | Baş, başı, ev, bey, efendi, hanım<br>сөздерімен жасалынатын біріккен сөздер: polisevi, başbakan   | Стандарт құрастыруыштар: жыланқұрт, сәлемшөп, алтайтамыр   |
| 8 | Түс атауымен келген ауру атаулары: akbasma  | Түс атауымен келген ауру атаулары: сарауру   |

Кесте 2.

Түрік емлесіндегі сөздерді бірге жазудың белгілері және қазақ тілімен айырмашылықтары

| № | Түрік тілі емлесі бойынша                             | Қазақ тілі емлесі бойынша  |
|---|---|--|
| 1 | Тағам атаулары: kedidili                              | Формалды белгілер: тоңазытқыш  |
| 2 | Сипат ұқсастығына сай атаулар: eşeksirtı              | Саяси-әлеуметтік терминдер: еңбекақы, келіссөз                                 |
| 3 | Бағытты білдіретін географиялық атаулар: güneybatı    | Кез-келген ғылым саласына тән терминдер: көпбұрыш, сутек                       |
| 4 | Парсы емлесіне сай біріккен сөздер: hamdüsena         | Ырым, ритуал аттары: тұсаукесер, жолаяқ  |
| 5 | Араб емлесіне сай біріккен сөздер: fevkalade          | Мамандық, кәсіп иелері атаулары: теміржолшы, өнертапқыш                        |
| 6 | Қауым, ұйым атаулары: Yükseköğretim Kurulu            | Орыс емлесіне сай біріккен сөздер: бормашина, газозов                          |
| 7 | Етістіктің кей жұрнақтарымен келген атаулар: dedikodu | Изафеттік тіркес болмаған жағдайда бірігетін кей атаулар: фотосурет, автоқалам |

Жоғарыда келтірілген кестелер бойынша қазақ тіліндегі бірге жазылатын сөздер мен түрік тіліндегі бірге жазылатын сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды. Ұқсастықтары мысалдар арқылы да көрініп тұр немесе терминдік атаулары мен топтама атаулары өзгеше болғанымен қандай жағдайларда біріктіріп жазылатындығы мысалдар арқылы көрсетілді. Ал келесі бір айырмашылықтарын көрсететін кестеге қысқаша шолу жасап өтсек, профессор Р.Сыздық айтпақшы, қазақ тілінің өзгешілігі болып келетін етістіктердің бөлек жазылу емлесі түрік тілінде салыстырмалы түрде көп жағдайда біріктіріліп жазылатынын аңғардық. Және де қазақ тілінің тағы бір ерекшелігі немесе артықшылығы десек те болатын сөздерді біріктіріп жазудың формалды белгілерін атай аламыз. Арнайы белгілі бір қосымшалар арқылы сөздерді бірге жазудың керемет бір формуласы бар. Ал түрік тілінде осы секілді қосымшалар көбіне етістіктің жұрнақтары арқылы жасалынады. Сонымен қатар, қазақ тілінде орыс тілінің ықпалы болып, орыс тілі емлесіне сай жазылатын біріккен сөздер немесе біріккен қалпымен тілімізге енген сөздер бар болса, түрік тілінде осы секілді, бірақ, араб және парсы тілінің ықпалымен қалыптасқан, енген, сіңіскен сөздер көптеп кездеседі. Және де олар көп жағдайда діни термин атауларын құрайды.

Тағы да бір қазақ тілінің ерекшелігіне жататын тұсы – түрлі ғылым салаларына сай термин сөздердің біріктіріліп жазылуларында. Осы

секілді бірге жазылатын сөздер Р.Сыздық топта- масында ашық-ашық жазылып көрсетіледі. Ал түрік тілінде тағам атаулары, белгілі бір форма, сипат, пішін ұқсастықтарына арналған кей тілбірліктер бөлек бір топтама ретінде көрсетілген. Екі тілдердегі тағы бір айырмашылықтар ретінде, изафеттік тіркесті сөздерді атай аламыз. Яғни, қазақ тілінде сөздерді біріктіріп жазуда кедергі болатын ілік септік жалғаулы және тәуелдік жалғаулы сөздер алдыңғы сөзге тиесілі болып тұрғандықтан бөлек жазылады. Алайда, проф. Нұргелді Уәли егер тәуелдік жалғауын алып тастап жазар болсақ, сөздерді біріктіріп беруде еш оғаштық жоқ екендігін дәлелдей келе, сөздерді біріктіріп жазудың жаңа бір үлгісін тағы да бір ұсынған болатын [3]. Мысалы, электр шамы сөзіндегі тәуелдік жалғауы сөздерді бірге жазуға кедергі келтіріп тұр, яғни, нақтылық мәннен гөрі, электр сөзіне тиесілі болып, тәуелділік танытып тұр. Ал оны алып тастап электршам деп жазса, ешқандай да көзге оғаштық байқалмайды. Және халық та мүлдем қайшы көрмей, бірден қабылдады. Осы секілді өзге де мысалдарды келтіре отыра, сөздерді біріктіріп жазудың тағы бір үлгісін көрсеткен болатын. Ал түрік тіліне мән берсек, мұндай изафетті тіркестердің біріктіріліп жазылуларына куә боламыз. Әсіресе, салыстырмалы-ұқсастырма уәждеріне сүйене отырып, жаңа бір сөздер жасауда осыған көп мән береді.

Сөздерді бірге жазу емлесінің 3-пунктісіне назар салсақ, яғни сыңарларының барлығы да не екінші сыңары ауыспалы мағынада тұратын сөздердің бірге жазылатынын білдік. Осы пункте көрсетілген мысалдарға көз салсақ, барлығы дерлік изафеттік тіркестегі сөздер екендігіне куә боламыз. Мысалы, *vişneçüğü, kavuniçi, fildişi, balkörüğü* секілді өзге де сөздерді атай аламыз. Тағы бір қосымша ретінде, қауым, ұйым атаулары, мысалы, *yükseköğretim kurulu* секілді сөздер түрік тілінде бірге жазылса, қазақ тілінде Жоғарғы оқу орны секілді сөздер бөлек жазылып, тіркесті сөздердің қатарын құрайды.

Түрік тілі орфографиялық сөздігінің соңғы басылымына сүйене отырып, әрі қарай енді сөздерді бөлек жазу емлелеріне тоқталсақ. Әуелі, *etmek, edilmek, eylemek, olmak, olmak* көмекші етістіктерімен келген сөздер дыбыстық өзгерістерге ұшырамаса, олар бөлек жазылады. Жоғарыда көрсетілген пункт бойынша дыбыстық өзгеріске ұшыраса бірігіп жазылар болса, мұнда керісінше өз тұлғаларын сақтау арқылы бөлек жазылуы тиіс дейді. Мысалы: *dans etmek, var olmak* т.б.

2) сыңарларының екеуі де не болмаса негізгі болған екінші сыңары тура мағынада тұрса, сөздер бөлек жазылады. Бұл пунктінің өзі ішінара топтамаларға бөлінеді:

Жан-жануар атаулары: *ada balığı, at sineği, deniz ıvanı* т.б.

Өсімдік атаулары: *ayrık otu, ban ağacı, yer elması, ek kök* т.б.

Тұрмыстық атаулар: *arap sabunu, okuma kitabı, damla taş* т.б.

Транспорт атаулары: *deniz yolu, hava yolu, Arnavut kaldırımı* т.б.

Жағдай атаулары: ay tutulması, ana dili, yer çekimi, iş birliği т.б.

Тағам атаулары: tas kebabı, su böreği, yoğurt çorbası т.б.

Астрономиялық атаулар: çoban yıldızı, kuşuklu yıldız, gök taşı т.б.

Анатомиялық атаулар: patlak göz, yüzük parmağı, takma diş т.б.

Сындық тұрақты тіркестер: çetin ceviz, sarı çıyan, ölmez çiçek т.б.

Уақыт атаулары: gece yarısı, gün ortası, hafta sonu т.б.

Bilim, bilgi, yuvar, küre сөздерімен келетін тіркестер де бөлек жазылады: dil bilimi, halk bilgisi, ışık yuvarı, hava küre т.б.

3) –r, -ar, -er, -maz, -mez, -an, -en етістіктің жұрнақтарымен келетін сөздер бөлек жазылады: çalar saat, koşar adım, akan yıldız, ölmez çiçek т.б.

4) Renk сөзімен келетін сындық мағыналы сөздер де бөлек жазылады: bal rengi, portakal rengi, limon sarısı т.б.

5) түс атауларының салыстырмалы, күшейтпелі реңкін білдіретін сөздер де бөлек жазылады: açık mavi, kara sarı, koyu yeşil т.б.

6) Batı, doğu, güneybatı, kuzeydoğu, yakın, uzak, aşağı, yukarı т.б. бағыт-мекенді білдіретін географиялық атаулармен келген сөздер бөлек жазылады: Doğu Anadolu, Kuzey Amerika, Orta Asya т.б.

7) айқындауыш мүшелерінсіз кісі аттарымен берілген көше, ауыл, аудан атаулары да бөлек жазылады: nene Hatun caddesi т.б.

8) dış, iç, sıra, alt, üst, ana, ön, art, arka, yan, karşı, orta, büyük, küçük, sağ, sol, peşin, bir, iki, pek, çok, çift секілді көмекші сөздер есім сөздермен сөз алдында, сөз соңында да тіркесетін сөздер де бөлек жазылады: hafta içi, su altı, ön söz, üst kat, arka plan, orta kulak, büyük konuşma, peşin fikir, iki anlamlı [4].

9) сонымен қатар, тіліміздегі қос сөздердің жазылу емлесіне сай дефис арқылы жазылатын сөздер түрік тілінде бөлек жазылатын сөздер емлесі қатарында көрініс табады. Мысалы: adım adım, el ele, at mat [5].

### Кесте 3.

Түрік емлесіндегі сөздерді бөлек жазудың белгілері және қазақ тілімен ұқсастықтары

|   |   |   |
|---|---|---|
| 1 | Көмекші етісіктермен келген сөздер: dans etmek, var olmak   | Күрделі етісіктер: жүгіріп бара жатыр, оқып отыр.           |
| 2 | Сыңарлары өз мағыналарында қалған сөздер: arap sabunu       | Сыңарлары өз мағыналарында қалған сөздер: ат қора           |
| 3 | Анықтайтын және анықталатын сөздер: koşar adım              | Анықтайтын және анықталатын сөздер: қос етек көйлек         |
| 4 | Анатомиялық атаулар: takma diş                              | Анатомиялық атаулар: азу тіс                                |
| 5 | Тұрақты тіркестер: çetin ceviz                              | Тұрақты тіркестер: іш құса болу                             |
| 6 | Тұрақты анықтауыштардан құралған жер атаулары: Doğu Anadolu | Тұрақты анықтауыштардан құралған жер атаулары: Орталық Азия |
| 7 | Күрделі сан есімдер: yirmi sekiz                            | Күрделі сан есімдер: отыз                                   |



|   |   |   |
|---|---|---|
|   |   | алтыншы   |
| 8 | Bilim, bilgi, yuvar, küre секілді сөздермен келген тіркестер: halk bilgisi, ışık yuvarı | Негізгі компоненті 3 не одан да көп сөздермен байланыса алса: асық жілік, бел омыртқа |

*Кесте 4.*

Түрік емлесіндегі сөздерді бөлек жазудың белгілері және қазақ тілімен айырмашылықтары

| № | Түрік тілі емлесі бойынша  | Қазақ тілі емлесі бойынша  |
|---|--|--|
| 1 | Қайталама қос сөздер: adım adım, gide gide т.б.  | Тұрақты эпитеттер жалқы есімнен бөлек жазылады: Біржан сал, Ақан сері                              |
| 2 | Уақыт ұғымын білдіретін сөздер: bağ bozumu   | Құранды етістіктер: жұмыс істеу, жәрдем беру   |
| 3 | Компоненті көп қайталанатын жан-жануар, өсімдік атаулары: ada balığı, at sineği            | Сан есіммен келген шылаулар: жүз шамалы, он шақты  |
| 4 | Қосымшалы не дыбыстық өзгеріске ұшыраған қайталама қос сөздер: at mat, el ele, çoluk çocuk | Кіріккен етістіктер өз тұлғаларында, күрделі күйінде де жазылады: әкел – алып кел, әпер – алып бер |

Енді қысқаша соңғы кестелер бойынша қазақ және түрік тілдеріндегі бөлек жазылатын сөздер емлесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары жөнінде сөз етсек. Мұнда ауыз толтырып айтарлықтай өзгешіліктер жоқ, яғни қос тілде де бөлек жазылатын сөздер емлесі бірдей десе болады.

Күрделі етістіктер болсын, күрделі сан есімдер болсын, көмекші есімдер мен етістіктерден құралған күрделі атаулар болсын бәрі бөлек-бөлек жазылады. Сонымен қатар, түрік тілі емлесінде кей сөздерді тіркесетін сыңарларымен бөлек жазылатынын ашық-ашық көрсетсе (мысалы Bilim, bilgi, yuvar, küre секілді атаулар), қазақ тілінде осы секілді сөздерді жалпылай ғана негізгі компоненті үш не одан да көп сөздермен байланысып тіркесе алса, бөлек жазылады дейді. Мысалы, күрек тіс, ақыл тіс, сүт тіс, азу тіс, ит тіс секілді сөздерді атай аламыз. Әрине, аталмыш сөздер организм мүшелерінің атаулары болғандықтан да бөлек жазылады. Алайда, оларды бөлек жазылуға итермелеп тұрған тіс сөзінің тек қана бір-екі сөздермен ғана байланысып тіркесіп қана қоймай, біршама компоненттермен (күрек, азу, ит, ақыл, сүт) тіркесе алғандықтан, бөлек жазылуы басты ерекшелігінде. Ал егер тіркесетін компоненттер үш сөзден кем болған жағдайда, ол сөздерді біріктіріп жазуымыз керек деген де ұсыныстар бар. Себебі олар, анықтағыш мәндерге қарағанда, терминдік мәнге көбірек айналып тұр.

Жоғарыда кестеде сөз еткендей, екі тілде де сыңарлары, әсіресе, екінші компоненті өзінің тура мағынасында қалған сөздер, тұрақты тіркестер және анықталатын және анықтайтын сөз тіркестері бөлек жазылуы тиіс деген емле ережелері бар. Алайда, қазақ тілінде осы емле көрсетілсе де, сыңарлары денотаттық мағынада тұрса да, біріктіріліп жазылатын сөздер кездеседі. Және де соңғы кездерде кейбір фразалық тіркестердің бірігіп жазылу үрдістері байқалуда. Оларды біріктірудің себебі ретінде, нақтылық мәнге ие болуларында және сөзжасамдық қосымшаларды өзіне қабылдай алуларында дейді. Мысалы, ақкөңіл, ақкөңілді, ақкөңілділік секілді сөздерді атай аламыз.

Терминдік мәнге ие болып, біріккен сөз дәрежесіне көтерілген бірқатар тұлғалардың о баста фраза не идиома болғандығы белгілі. Сонымен қатар, өздерінің денотаттық мағыналарында тұрғандары де белгілі. Халық аталмыш сөздерді біріктіріп жазғанда еш оғаштық көрмегендіктерінен және де жоғарыда да айтқанымыздай, сөзжасамдық қосымшаларды өзіне қабылдай алғандықтан осы секілді арам ой, адал ниет сияқты сөздер де соңғы сөздіктерімізде біріктіріліп жазылып жүр.

Ел енді аталмыш тілдердің айырмашылықтарына келсек, анау айтқандай айырмашылық жоқ. Алайда, өзіміздің тіліміздің грамматикасына тән қосарлы айқындауыштар секілді, болжалды сан есімдер құрайтын шылаулардың бөлек жазылатыны көрсетілді. Сонымен қатар, тілімізде қос сөздерге тән жазылу емшелері түрік тілінде бөлек жазылатын сөздер қатарын құрайды. Ол кестеде де көрсетілді. Әсіресе қазақ тіліндегі қайталама қос сөздер және оның мағыналық түрлеріне тән сөздер түрік тілінде дефис арқылы емес, бөлек жазылуы тиіс сөздердің құрамын толықтыруда.

Қ.Күдеринаның «Түркі тілдерінің әліпбиі және емле тарихы атты» кітабына сүйенсек, автор жалпы түркі тілдерінің емшелеріндегі бірге, бөлек жазылатын сөздердің ерекшеліктеріне тоқталған. Соның ішінде түрік тілінің емле ережесін айта келе, соңғы басылым бойынша қысқаша шолу жасай келе, фонетикалық принципке көбірек негізделген түрік тілінің ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Сөйтесі де мынадай пікірін де алға тартады: «Қазақ тілінде осы кезге дейін формалды белгілер арқылы сөздердің бірге/бөлек жазылуын анықтайтын әдіс болмаған еді. Оны ұсынған проф. Н.Уәлидің кеңесімен біріктіретін әдісті ұластыруыштар мен құрастыруыштар деген екі топқа жіктеген едік. Сонда қазақ жазуында мына жұрнақтар ұластыруыштар болып табылады: -лық, -қыш, -ар, -қы, -лар, -лы. Яғни осы жұрнақтармен келген сөздерді жазарман автоматты түрде бірге жаза алады. Ал хана (40), ара (21), аралық (19), басы (10), құмар (33), тану (23) және хат (14), қап (17), гүл (41), бау (19), шөп (68), ақы (15), жай (17), жегі (19), тікен (17), жапырақ (25), тамыр (13) сөздері қазақ емлесінде құрастыруыштар болып

табылады. Сөйтіп, бүгінде біздер осы сыңарлармен келген сөздерді автоматты түрде бірге жаза аламыз.

Ендеше қазақ орфографиясы емледе қол жеткізген осы негіздерді өзге түркі тілдеріне ұсына алады. Ал шешімін таба қоймаған басқа қиындықтарды шешуде тустас түркі тілдерінің емлесіне қол созуға бармыз. Сонда біз туыс халықтар мәдениетіндегі жазба коммуникацияның бірегейленуіне осы ғасырда қол жеткіземіз» [6]. Тілшінің осы бір пікіріне түбегейлі қосыла отырып, біз де қазақ, түрік емлелеріндегі бірге, бөлек жазылатын сөздердің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтуды жөн көрдік және тілімізге керегін ұсынуды да жөн санаймыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 490 б.
- 2 Уәли Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 113 б.
- 3 Уәли Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. – Алматы, 1993. – 127 б.
- 4 Күдерінова Қ.Б. Бірге бөлек жазылатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері.– Алматы: КДА, 2000.– 268 б.
- 5 Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы:Елтаным, 2013. – 344 б.
- 6 Күдерінова Қ.Б. Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 336 б.

*FTAХР 16.01*

*Г.Н. Нұрманова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті  
Алматы қ., Қазақстан

#### **ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

**Аңдатпа.** Тіл – сөйлеу құралдарының бүтін жүйесі. Сөйлеу құралдары мен сөйлеу әрекетінің түрлерін игеру арқылы тіл үйренуші белгілі бір тілде өз ойын жеткізе алады. Тіл үйренушіге сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда құрылымдық, интерактивті, т.б әдістермен қатар, оқытудың мақсатын, мазмұнын, кезеңдерін құрайтын үш таған әсер етеді. Тіл үйренушілерге қазақша сөйлеуді үйрету, қазақ тілін өмірдің барлық саласында іс жүзінде қолдана білу оқытудың мақсатын құрайды.